

044-18106-03
08.01.2024ж




БЕКІТЕМІН
Ректор М. Рысбеков
2024 ж.

Элективті пәндер каталогын, білім беру траекторияларын және "ОҚМА" АҚ білім алушыларының жеке оқу жоспарларын бекіту туралы Ережелер

ПР 253-2024

Күні	Көшірме	Басылым
		Үшінші

Шымкент

ОНТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі	Е 253-2024	
Элективті пәндер каталогын, білім беру траекторияларын және "ОҚМА" АҚ білім алушыларының жеке оқу жоспарларын бекіту туралы Ережелер		Бас. №3 14 беттің 2 беті

1 «ОҚМА» АҚ Тіркеу офісі ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ.

«29» 12 2023 жыл № 6 хаттамасы

2 «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен КЕЛІСІЛДІ.

«08» 01 2024 жыл № 3 хаттамасы

Кезеңдік тексеру мерзімі – 3 жыл

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Тіркеу офисі	Е 253-2024	
Элективті пәндер каталогын, білім беру траекторияларын және "ОҚМА" АҚ білім алушыларының жеке оқу жоспарларын бекіту туралы Ережелер	Бас. №3 14 беттің 3 беті	

Мазмұны

1. Жалпы ережелер.....	4
2. Терминдер, анықтамалар, белгілер, қысқартулар.....	4
3. Процесс сипаттамасы.....	7
3.1 Элективті пәндер каталогын, білім беру траекторияларын, білім алушылардың жеке оқу жоспарларын бекіту ережелері.....	7
3.2 Білім алушыларды элективті пәндерге және білім беру траекторияларына тіркеу реті.....	8
4. Библиография.....	9

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Тіркеу офисі	Е 253-2024	
Элективті пәндер каталогын, білім беру траекторияларын және "ОҚМА" АҚ білім алушыларының жеке оқу жоспарларын бекіту туралы Ережелер		Бас. №3 14 беттің 4 беті

1. Жалпы ережелер

Осы Ереже Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрлігінің нормативтік ұйымдастыру-өкімдік құжаттарын, "ОҚМА" АҚ Жарғысын, "ОҚМА" АҚ ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

ISO 9000:2015	Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік.
ISO 9001:2016	Сапа менеджменті жүйелері.
PK 001-2024	Сапа менеджмент жүйесінің басшылығы.
СТ 004-2024	Қызметтік құжаттарды басқару.
СТ 007-2024	Жазбаларды басқару.
СТ 008-2024	Сапа саласындағы тәуекелдерді басқару.
СТ 010-2024	Басшылық тарапынан талдау.
СТ 044/023-2023	Стандарты внутреннего обеспечения качества образовательной деятельности АО «ЮКМА».

2. Терминдер, анықтамалар, белгілер және қысқартулар

Кредиттік оқыту технологиясы - білім алушы мен оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің бірыңғай бірлігі ретінде кредитті пайдалана отырып, білім алушылардың пәндерді оқу реттілігін таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқыту.

Тіркеу офисі - білім алушының оқу жетістіктерінің бүкіл тарихын тіркеумен айналысатын және білімді бақылаудың барлық түрлерін ұйымдастыруды және оның академиялық рейтингін есептеуді қамтамасыз ететін академиялық қызмет.

Академиялық кезең - білім беру ұйымы үш форманың бірінде дербес белгілейтін теориялық оқыту кезеңі: семестр, триместр, тоқсан.

Академиялық күнтізбе - оқу жылы ішінде демалыс күндерін (демалыс және мереке күндерін) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіптік практикаларды өткізу күнтізбесі.

Білім алушылардың оқу жетістіктері – білім алу процесінде алған және жеке тұлғаның қол жеткізілген даму деңгейін көрсететін білім алушылардың білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері.

Оқу пәніне жазылу - білім алушыларды оқу пәндеріне алдын ала тіркеу рәсімі.

Элективті пәндер каталогы - жоғары оқу орны дербес айқындаған және білім

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офисі	Е 253-2024
Элективті пәндер каталогын, білім беру траекторияларын және "ОҚМА" АҚ білім алушыларының жеке оқу жоспарларын бекіту туралы Ережелер	Бас. №3 14 беттің 5 беті

алушыларға таңдау бойынша зерделеу үшін ұсынылатын оқу пәндерінің тізбесін, олардың көлемін, аралық (аралық) бақылау нысандарын қамтитын құжат.

Таңдау компоненті - кез-келген академиялық кезеңде таңдау бойынша білім алушылар оқитын элективті оқу пәндері.

Элективті пәндер - белгіленген кредиттер шеңберінде таңдау компонентіне кіретін және білім беру ұйымдары енгізетін, білім алушының жеке даярлығын көрсететін, әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігін және нақты өңірдің қажеттіліктерін ескеретін оқу пәндері.

Пән бағдарламасы - оқытылатын пәннің сипаттамасын, пәннің мақсаттары мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, тақырыптары мен оларды оқу ұзақтығын, өзіндік жұмыс тапсырмаларын, консультациялар уақытын, білім алушылардың білімін тексеру кестесін, оқытушының талаптарын, білім алушылардың білімін бағалау критерийлерін және әдебиеттер тізімін қамтитын оқу бағдарламасы.

Білім беру бағдарламасын модульдік құру - білім алушының кәсіби құзыреттіліктерінің жиынтығы оқыту мақсаты ретінде әрекет ететін оқу процесін ұйымдастыру тұжырымдамасы негізінде білім беру бағдарламасының мазмұны мен құрылымын анықтау арқылы кәсіптік оқыту мақсатына қол жеткізу құралы.

Модуль - білім беру бағдарламасының дербес, оқу нәтижелері тұрғысынан аяқталған, білім алушылардың нақты тұжырымдалған білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері, барабар бағалау критерийлері бар құрылымдық элементі.

Модульдік білім беру бағдарламасы - білім алушылардың белгілі бір академиялық дәреже және/немесе біліктілік алу үшін қажетті негізгі құзыреттерді меңгеруіне бағытталған оқу модульдерінің жиынтығын қамтитын оқыту бағдарламасы.

Модульдік оқыту - білім беру бағдарламасын модульдік құру негізінде оқу процесін ұйымдастыру тәсілі.

Оқу модулі - білім алушылардың нақты оқу нәтижелерін игеруіне бағытталған білім беру бағдарламасының құрылымдық элементі, оның ішінде олар алған құзыреттер толығымен немесе ішінара қалыптасады.

Жеке оқу жоспары - үлгілік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогы негізінде әдвайзердің көмегімен білім алушылардың әрбір оқу жылына дербес қалыптастырылатын оқу жоспары.

Оқу жұмыс жоспары - білім беру ұйымдары мамандықтың үлгілік оқу жоспары және білім алушылардың жеке оқу жоспарлары негізінде дербес әзірлейтін құжат.

Үлгілік оқу жоспары - білім берудің кәсіптік оқу бағдарламасының оқу

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Тіркеу офісі	Е 253-2024	
Элективті пәндер каталогын, білім беру траекторияларын және "ОҚМА" АҚ білім алушыларының жеке оқу жоспарларын бекіту туралы Ережелер	Бас. №3 14 беттің 6 беті	

пәндерінің тізбесі мен көлемін, оларды зерделеу тәртібі мен бақылау нысандарын регламенттейтін құжат.

Пререквизиттер - оқытылатын пәнді игеру үшін қажетті білім, білік және дағдыларды қамтитын пәндер.

Постреквизиттер - осы пәнді оқуды аяқтағаннан кейін алынған білім, білік және дағдыларды қажет ететін пәндер.

Эдвайзер - тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгері қызметін атқаратын, оқыту траекториясын таңдауға (жеке оқу жоспарын қалыптастыруға) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламасын меңгеруге жәрдемдесетін оқытушы.

Тьютор - белгілі бір пәнді игеру бойынша білім алушының академиялық кеңесшісі ретінде әрекет ететін оқытушы.

Қорытынды бақылау - аралық аттестаттау кезеңінде емтихан түрінде өткізілетін оқу пәнінің бағдарламасын игеру сапасын бағалау мақсатында білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау. Егер пән бірнеше академиялық кезеңдерде оқылса, онда қорытынды бақылау осы академиялық кезеңде оқылған пәннің бөлігі бойынша жүргізілуі мүмкін.

Үлгерімді ағымдағы бақылау - академиялық кезең ішінде оқытушы аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда өткізетін оқу бағдарламасына сәйкес білім алушылардың білімін жүйелі тексеру.

Аралық бақылау - бір оқу пәнінің бөлімі (модулі) аяқталғаннан кейін білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау.

Аралық аттестаттау - емтихан сессиясы кезеңінде білім алушылардың оқу пәнінің оқу аяқталғаннан кейін оның бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын игеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім.

Қорытынды аттестаттау - мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген оқу пәндерінің көлемін игеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім.

Транскрипт - кредиттер мен бағаларды әріптік және цифрлық түрде көрсете отырып, тиісті оқу кезеңінде игерілген пәндердің тізбесін қамтитын құжат.

ISO - халықаралық стандарттау ұйымы

СТ - сапа менеджменті жүйесінің стандарты

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офисі	Е 253-2024	
Элективті пәндер каталогын, білім беру траекторияларын және "ОҚМА" АҚ білім алушыларының жеке оқу жоспарларын бекіту туралы Ережелер	Бас. №3 14 беттің 7 беті	

3. Процесс сипаттамасы

3.1 Элективті пәндер каталогын, білім беру траекторияларын, білім алушылардың жеке оқу жоспарларын бекіту ережелері

1. Оқу процесін жоспарлау оқу жоспарлары негізінде жүзеге асырылады:
 - жеке оқу жоспары;
 - жұмыс оқу жоспары.
2. 1 курсты таңдау компоненті ЖОО ұсынған элективті пәндерден құралады. Білім беру траекторияларын іске асыру 2-3 курстан басталады.
3. ЖОО элективті пәндер каталогын әзірлейді, ол оқу мақсатын, қысқаша мазмұнын (негізгі бөлімдерін) және күтілетін оқу нәтижелерін (білім алушылардың алған білімі, іскерлігі, дағдылары мен құзыреттіліктері) көрсете отырып, олардың қысқаша сипаттамасын қамтитын таңдау компонентінің барлық пәндерінің жүйеленген аннотацияланған тізбесі болып табылады. Элективті пәндер каталогы әр оқу пәнінің пререквизиттері мен постреквизиттерін көрсетеді. Элективті пәндер каталогы білім алушыларға элективті оқу пәндерін балама таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.
4. Элективті пәндер каталогын Тіркеуші офисі (Қосымша А) кафедралардың өтінімдеріне сәйкес қалыптастырады, әдістемелік кеңестің отырысында ағымдағы оқу жылының 1 мамырынан кешіктірмей бекітіледі.
5. Таңдау компонентінің кредиттерінің көлеміне сәйкес, оқытудың түпкілікті нәтижелерін басшылыққа ала отырып, мамандықтардың эдвайзерлері элективті пәндер каталогы шеңберінде білім беру траекторияларын әзірлейді (Қосымша Б).
6. Факультет кеңесінің отырысында талқылау және элективті пәндер каталогы шеңберінде білім беру траекторияларының әдістемелік кеңесінің отырысында бекіту ағымдағы оқу жылының 1 мамырынан кешіктірілмей жүргізіледі.
7. Факультет деканы элективті пәндер каталогы шеңберінде бекітілген білім беру траекторияларын тіркеу офисінің басшысына ұсынады.
8. Жеке оқу жоспарлары (Қосымша В) әр оқу жылына эдвайзердің көмегімен білім алушылар мен деканат қызметкерлерінің қол жеткізуін және электрондық қарау мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, жеке білім алушыларға «Платонус» ақпараттық жүйесінде автоматты түрде қалыптастырылады.
9. Білім беру траекториялары негізінде жеке оқу жоспарларын қалыптастыру

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
Тіркеу офисі	Е 253-2024	
Элективті пәндер каталогын, білім беру траекторияларын және "ОҚМА" АҚ білім алушыларының жеке оқу жоспарларын бекіту туралы Ережелер	Бас. №3 14 беттің 8 беті	

- жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды тіркеу офисі жүзеге асырады.
10. Басқа жоғары оқу орындарынан қайта қабылданған немесе ауыстырылған білім алушылардың жеке оқу жоспарын қалыптастыруды деканаттар жүзеге асырады.
 11. Деканат білім алушылардың өтініштері негізінде білім беру траекториясын зерделеу үшін кіші топтар құрады және таңдау бойынша курстың рентабельділігін айқындайды.
 12. Рентабельді - бұл кем дегенде 12-14 адамнан тұратын кіші топ.
 13. Рентабельді емес топтар басқа білім беру траекториясын көрсете отырып, өтінішті қайта жазуға құқылы. Егер білім алушы осы құқықты пайдаланбаған болса, оның курсының тиімсіздігі туралы уақтылы хабардар етілсе, онда тиімсіз курсты ауыстыру туралы шешімді тіркеу офисі қабылдайды.
 14. Білім беру траекториясы негізінде жеке оқу жоспарын жасау кезінде білім алушы факультет деканының атына өтініш жазуға және ақылы негізде басқа мамандықтардың "ОҚМА" АҚ білім алушыларымен қосымша пәндерді зерделеуге ниет білдіруге құқылы. Бұл ретте кредиттердің жалпы көлемі бір семестрде 35 кредиттен аспауға тиіс.

3.2 Білім алушыларды элективті пәндерге және білім беру траекторияларына тіркеу реті

1. Білім алушыларды элективті пәндерге, білім беру траекторияларына жазуды элективті пәндер каталогы шеңберінде тіркеу офисі кафедралардың, деканаттар мен эдвайзерлердің әдістемелік және консультациялық көмегі кезінде ұйымдастырады.
2. Элективті пәндер каталогын, білім беру траекторияларын қалыптастыру аяқталғаннан кейін элективті пәндер каталогы шеңберінде тіркеуші офисі эдвайзерлер мен кафедра оқытушыларының қатысуымен білім алушылар үшін презентациялар ұйымдастырады.
3. Ұйымдастыру-әдістемелік және консультациялық жұмыстарды жүргізу үшін эдвайзерлер тартылады. Эдвайзерлер тізімі ғылым докторы/кандидаты ғылыми дәрежесі бар, мамандық бойынша үлкен жұмыс тәжірибесі бар және оқытудың жетекшілік ететін бағыты бойынша білім беру бағдарламаларында жақсы бағдарланған кафедраның жоғары білікті мамандары қатарынан қалыптастырылады.
4. Элективті пәндер каталогы шеңберінде элективті пәндерге, білім беру траекторияларына тіркеу ағымдағы жылдың 1 сәуірінен 1 мамырына дейін (оқудың бірінші жылының білім алушылары – оқу жылының басына дейін) жүзеге асырылады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Тіркеу офисі	Е 253-2024	
Элективті пәндер каталогын, білім беру траекторияларын және "ОҚМА" АҚ білім алушыларының жеке оқу жоспарларын бекіту туралы Ережелер	Бас. №3 14 беттің 9 беті	

5. Егер білім беру траекториясына білім алушылар аз жазылса, онда траектория ашылмайды және білім беру бағдарламасы бойынша жұмыс оқу жоспарына енгізілмейді.
6. Оқушының өтініші негізінде айрықша жағдайларда дәлелді себептермен кеш тіркелуге жол беріледі.
7. Білім алушылардың элективті пәндерге, білім беру траекторияларына жазуы негізінде элективті пәндер каталогы шеңберінде деканаттар академиялық топтар мен ағымдар құрады.
8. Академиялық топтар мен ағымдар осы пәнге тіркелген білім алушылардың жеткілікті саны қағидаты бойынша қалыптастырылады.
9. Тіркеу тандалған элективті пәнді, элективті пәндер каталогы шеңберіндегі білім беру траекториясын көрсете отырып, өтінішке (Қосымша Г) сәйкес жүзеге асырылады.

4. Библиография

1	Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы
2	«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы
3	«Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы
4	«ОҚМА» АҚ Академиялық саясаты 044/101-2023

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Тіркеу офисі	Е 253-2024
Элективті пәндер каталогын, білім беру траекторияларын және "ОҚМА" АҚ білім алушыларының жеке оқу жоспарларын бекіту туралы Ережелер	Бас. №3 14 беттің 10 беті

Қосымша А

«Бекітілді» кафедра мәжілісінде

Хаттама № __ от «__» _____ 20__ ж.

ТАӘ, кафедра меңгерушісінің қолы

20__-20__ оқу жылына элективті пәндер каталогы

1. Кафедра
2. Дайындық деңгейі (бакалавриат/интернатура/магистратура(бейіндік, ғылыми –педагогикалық бағыт)/резидентура)
3. Білім беру бағдарламасы
4. Курс
5. Элективті пәндер каталогы
6. Кредит саны (5 кредиттен кем емес)
7. Мақсаты
8. Пән мазмұны (30-50 сөз)
9. Міндеттері
10. Пәнді таңдауды негіздеу
11. Оқыту нәтижелері
12. Пререквизиттер
13. Постреквизиттер
14. Әдебиет



Тіркеу офисі

Е 253-2024

Элективті пәндер каталогын, білім беру траекторияларын және "ОҚМА"
АҚ білім алушыларының жеке оқу жоспарларын бекіту туралы Ережелер

Бас. №3
14 беттің 11 беті

Қосымша Б

**«Бекітілді»
факультет кеңесі мәжілісінде**

Хаттама № ___ от «___» _____ 20__ ж.

ТАӘ, декан қолы

БІЛІМ ТРАЕКТОРИЯЛАРЫ

_____ білім бағдарламалары бойынша
шифр және атауы

Курстар бойынша кредиттер саны

Курс	ЖББП		БП		КП		Жалпы
	МК	ТК	МК	ТК	МК	ТК	
1							
2							
3							
4							


Курс ___ - _____ кредит (20__-20__ оқу жылының
қабылдауы)

Жалпы білім беру пәндері (ЖББП) - _____ кредит

Базалық пәндер (БП) - _____ кредит

Кәсіптік пәндер (КП) - _____ кредит

№	Пән атауы	Кредит саны	Кафедра
ЖББП/БП/КП			
1			
2			
3			
4			
5			
6			

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі	Е 253-2024	
Элективті пәндер каталогын, білім беру траекторияларын және "ОҚМА" АҚ білім алушыларының жеке оқу жоспарларын бекіту туралы Ережелер		Бас. №3 14 беттің 12 беті

Қосымша В

«ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ» АҚ АО «ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКАЯ МЕДИЦИНСКАЯ АКАДЕМИЯ»

ЖЕКЕ ОҚУ ЖОСПАРЫ ИНДИВИДУАЛЬНЫЙ УЧЕБНЫЙ ПЛАН

Білім алушының тегі, аты-жөні/Фамилия, имя, отчество обучающегося

Академиялық дәрежесі/Академическая степень

Транскрипт №/№ транскрипта

Білім беру бағдарламасы/Образовательная программа

Дипломдық жұмыс(жоба) тақырыбы/Тема дипломной работы(проекта)

Оқу түрі/Форма обучения

Курсы/курс

Оқу тілі/Язык обучения

Оқу жылы/Учебный год

№	МК/ТК/ ҚОТ/ОӨТ ОК/КВ/Д ВО/УПП	Пән коды Код дисциплины	Пәннің аты Наименование дисциплины	Кредиттер саны Количество кредитов	Сабак түрі Вид занятия	Оқытушы Преподаватель	Сағат Часы	Бақылау түрі Вид контроля	Баға Оценка
Жалпы кредит саны Общее количество кредитов									



Тіркеу офісі

Е 253-2024

Элективті пәндер каталогын, білім беру траекторияларын және "ОҚМА"
АҚ білім алушыларының жеке оқу жоспарларын бекіту туралы Ережелер

Бас. №3
14 беттің 13 беті

Қосымша Г

Өтініш/Заявление

Білім бағдарламасы: _____

Образовательная программа: _____

Студенттің фамилиясы, аты, тегі _____
Фамилия, имя, отчество студента

Оқу жылы _____
Год обучения

Тобы _____
Группа


Телефон _____

Эдвайзердің аты жөні _____
ФИО эдвайзера


Элективті пәндер/Элективные дисциплины Білім траекториялары/Образовательные траектории	
Альтернативті/Альтернативные	Таңдалған/Заявляемые

Студент




ҚОЛЫ/ПОДПИСЬ

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі	Е 253-2024
Элективті пәндер каталогын, білім беру траекторияларын және "ОҚМА" АҚ білім алушыларының жеке оқу жоспарларын бекіту туралы Ережелер	Бас. №3 14 беттің 14 беті

Әзірлеуші:

Қызмет атауы	Тегі, аты-жөні	Күні	Қолы
Тіркеу бөлімінің бастығы	С. Сыздыкова	29.12.2023ж	

Тексерілді:

Қызмет атауы	Тегі, аты-жөні	Күні	Қолы
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің басшысы	Н. Ержанов	29.12.2023ж	
Оқу-әдістемелік орталығының басшысы	Б. Долтаева	29.12.2023ж	
Әкімшілік-құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы	О. Кабиштаев	29.12.2023ж	

Келісілді:

Қызмет атауы	Тегі, аты-жөні	Күні	Қолы
Оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор	М. Анартаева	29.12.2023ж	